

**Тақырыбы: Мектеп жасына дейінгі
интеллектуалды
дамуы бұзылған Балаларға
психологиялық сипаттама**

**Орындаған: Жақап
Жабылдаған: Балажанова
Ж.**





**Мектеп жасына дейінгі
интеллектуалды
дамуы бұзылған
Балаларға
психологиялық
сипаттама**



Ақыл-ой дамуының бұзылысы кезінде басты және жетекші жағымсыз факторлар әлсіз бағдарлану және баланың баяу оқып-үйренуі, яғни оның жаңа дүниені нашар қабылдауы болып табылады. Бұл ақыл-ойдың кемістігінің ішкі биологиялық белгілері (Л.С. Выготский, 1983). Олигофрения тұқымның немесе баланың алғашқы өміріндегі ішкі дамудың әртүрлі кезеңіндегі орталық жүйке жүйесінің бұзылуы салдарынан пайда болатындықтан, зияты бұзылған балалардың ерекшеліктерін білу оның барлық психологиялық дамуын түсіну үшін үлкен маңызға ие. Мектепке дейінгі жастағы даму ерте балалық шақтағы біз бақылаған дамудың жалғасы болып табылады. Баланың үш жасында белгілі серпіліс жүретіндігіне қарамастан кейінгі даму алдыңғы уақытта жеткен деңгейге негізделеді.





Мектепке дейінгі жаста балада қалыпты жағдайда барлық психикалық дамуында үлкен өзгеріс жүреді. Оның танымдық белсенділігі шектен тыс үдей түседі – қабылдау, көрнекі – ойлау дамиды, логикалық ойлаудың көріністері байқала бастайды. Танымдық мүмкіншіліктердің артуына мағыналық естің, ырықты зейіннің т.б. құрылуы жағдай жасайды. Қоршаған ортаны танудағы сияқты, қарым-қатынаста да, және бала іс-әрекетінің әртүрінде сөз рөлінің мәнді түрде өсуі байқалады.

Баланың перцептивті және ойлау әрекеттерінің қалыптасуы сыртқы, материалды бағдарлы әрекеттердің интериоризациясы арқылы жүреді. Өз кезегінде сыртқы бағдарлы әрекет ішкі практикалық іс-әрекетте пайда болады, немесе баланың оқып – үйренуі кезінде меңгеріледі.



Ақыл-ойы кемістігі бар балаларда қабылдау дамуы бір деңгейде жүрмейді, меңгерілген эталондар көпшілік жағдайда тұрақты емес, көмескі, бір жағдайдан екіншісіне әрекеттің меңгерілген тәсілін ауыстырудың жоқтығы. Неғұрлым күрделі болып табылатын қасиеттерді қабылдау арасындағы өзара қатынас, оның атауын білуі, берілген қасиетті есепке ала отырып әрекет ету мүмкіндігі мен оның негізінде қарапайым жалпылауды жүргізу мүмкіндіктері. Сабақ уақытында қасиеттерді жоғары дәрежеде ажыратушы балалар педагогтың сұрауы бойынша жұп заттарды таңдай алмайды. Сондықтан, зияты бұзылған балаларға дамудың баяу қарқыны және қабылдау дамуының көп мөлшерде артта қалуы тән. Оларда қабылдауды сөзбен біріктіру кеш және жартылай жүреді, ал бұл өз кезегінде қоршаған заттық әлем туралы түсініктердің қалыптасуын тежейді.



Нәрестелігінде дені сау балаларға қарағанда өзін-өзі ұстап тұру қабілеттері кеш қалыптасады, яғни оның ішінде: басын ұстап тұру, аунауы, сүйеніп тұруы, отыру, еңбектеп жүру, тұрып жүруі жатады. Интеллекті бұзылған балаларда күлкісі 5-6 айлардан немесе одан да кеш пайда болады (дамуы бір қалыпты балаларда 2-3 айларында пайда болады). «Жандану кешенінің» мерзімі де 6 айдан кейін кешігіп келеді, ал дамуы қалыпты балаларда 3 айдан пайда болады. Интеллекті бұзылған бала үлкендермен құштарлана белсенді араласуға тырыспайды. Міне, осылайша интеллекті бұзылған бір жасқа дейін балаларда өзінің қалыптасуында сапалық дамуында кешігулер байқалады. Баланың интеллект дәрежесі төмен болған сайын, жас кезеңіне байланысты дамуы да кеш қалыптасады. Сонымен қатар, әдеттегідей ата-аналары баланың дамуындағы ауытқуларды байқамайды, ал егерде байқаса да, олар кейіннен кетіп қалады деп үміттеніп, мамандардың көмегіне асықпайды.



Интеллектісі бұзылған баларда ұзақ уақыт далалық тәртібі байқалып, заттар әлеміне қызығушылығы төмен болады. Бұл балаларда жалпы эмоциональдық әлсіздік, енжарлық, патологиялық инерттілік сипатталады. Оларда қоршаған ортадағы заттарға деген көз-қарастары кеш қалыптасады. Ауытқуы бар балалар өзіне таныс заттарды суреттен танымайды, себебі бұл жаста олардың санасында символдық – белгілер дамымайды. Бұл балалардың ойыншыққа деген қызығушылығы аз уақыт ғана болады. Оларда сөйлеу қабілетінің дамуы әр-түрлі болады. Сөздік қоры біртіндеп жай жиналады. Көптеген балаларда ерте жасында сөйлей алмай, мектепке дейінгі ерте немесе орта жасында сөйлей бастайды.






**Интеллектуалды дамуында
қиындықтары бар мектепке
дейінгі балаларда арнайы
оқытуды жүргізу**

Интеллектісінде ауытқуы бар оқушылардың оқыту процесі - бұл толық жүйе, оқу процесінде логикалық реттіліктің құрылымының байланысынан тұрады. Бұл байланыстар ретімен қойылады, олар бір бірін толықтырады және білімді меңгеру процесінде жүзеге асырады. Компоненттер келесідей бөлінеді: оқушының оқу материалдарын қабылдау, оны ойлану, есте сақтау және меңгерген білімдерін қолдану.

Материалды қабылдау оқушының танымдылық қызметінің соңғы сәті болады. Әрине қабылдап түсінуінің кемшілігі болады, одан түсінбеушілікке, тез ұмытуына алып келеді. Зерттеу көрсеткендей VIII түрлі арнайы мектептерде оқитын оқушыларда қабылдап, сезінуде таңдаушылық, ойланулары төмен болады.


Оқу материалын ойлану – бұл зерттегенді түсіну процесі. Бірақ кейде интеллектісінде ауытқуы бар оқушы жасөспірім болған кезде де немесе жоғарғы сыныпта өзбетінше пәндер және құбылыстар арасындағы байланыстарды және маңыздың байланыстарын аша алмауы мүмкін. Оған талдау, синтездеу, жіктеу, жалпыламалау, процестеріне қол жеткізу қиын болады. Негізінен олардың барлығы көргенді дауыстауға тырысады: терезе, үй, бақша; түтін, бұлт, пар; қорқыныш, толқу.

Алынған білімдерді бекіту процесі және коррекционды оқыту жүйесін жүзеге асыра білуі оны мұғалім материалдардың толық көлемде қамтылуына көз жеткен жағдайда ғана жүзеге асырады. Маңызды рольді қайталау атқарады, ол білімді бекіту мақсатында қолданылады. бірақ коррекция сияқты ойлау процестері болады.



**Алынған білімдерді қолдану
интеллектісінде ауытқуы бар
оқушыларда қиындықтар туындайды.
Ол тек дефекттен ғана емес
ақпараттарды өңдеу қажеттілігінен де
негізделеді. Оқушыларды практикалық
қызметке тарту үшін мынадай
реттілік жолмен жүзеге асырылуы
қажет:**





- Интеллектісінде ауытқуы бар балалардың танымдылық мүмкіндігінің мазмұнын оқыту адаптациясы;
- Көрнекілік оқытуды қамтамасыз ету, ол «толық көз жеткізілуі» қажет;
- Төменгі жай темппен оқу процесін ұйымдастыру;
- Оқуда жүйелік қайталауды ұйымдастыру;
- Түрлі жаттығуларды қолдану арқылы оқу қызметіне оқушыларды реттілікпен енгізу;
- Оқу процесінің индивидуальдылығы және дифференциясы;
- Білімді меңгеруде дидактикалық тәсілдерді ойын ретінде қолдану;
- Педагогикалық және кешірімділік режимдер